

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БАСТАУЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕ ЖАТЫР

Зікірия Досым Қуатұлы
Жұмаділ Гүлзия
Толембаева Айман Жақсылыққызы
Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы, Есік қаласы
ЖШС Есік медициналық колледжі
Zhgulziya11@mail.ru
kyrbalasy@mail.ru

Жұмыр басты пендеге ауа, су, күн қандай қажет болса, әркімнің және баршаның шыққан тегінен, табиғи қалпынан, салт-дәстүрінен, тілінен көз жазып қалмауы үшін төл тарихын білуі де соншалықты маңызды. Өткенінді білмеу өзгенің сойылын соғуға, өзіндікін өзектен тебуге, бөтеннің туының астына кіруге әкелетінін адамзат тәжірибесі мен тағылымы, оның ішінде кеңестік дәуірдегі қазақ халқының тағдыры әлденеше рет дәлелдеген талассыз шындық.

Арғы бабаларымыздың көрегендігіне қайран қалмасқа шараң жоқ. Олар тарихқа ықыласпен ден қоюдың маңыздылығын сөзімен де, ісімен де өсиеттеп кеткен екен. 5 мың жылдық өткені бар Арқайым қаласы, одан берідегі Есік, Берел қорғандары, сармат жауынгері, байырғы түркі жазулары, «Қыз Жібек», «Ер Едіге», «Қобыланды батыр» жырлары – бәрі Ұлы даланың адамзат өркениетіне қосқан мәңгі құндылықтарын әрі кемел даналығын айғақтап тұрғаны өз алдына, осынау асыл мұралар тарихты тануға, құрметтеуге, қайдан, қашан шыққанымызды ұмытпауға, сана мен жадымызға зорлықпен аңылған жалған ұғым-түсініктерден тезірек арылуға сенім ұялатып, міндет артуда.

Қазақстандық кәсіби тарих ғылымы КСРО кезінде қалыптасқанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Алайда, ол кезде тарих ғылымы саясаттың қолшоқпарына айналып, КОКП мен «күн көсемдерді» марапаттаудан әріге бара алмай, халқымыздың өткен даңқты тарихына барынша қара күйе жағуға тырысты. Ал, тәуелсіздік алған кезде Ұлтымыздың тарихын барынша жүйелеуге, «ақтандақтарды» толтыруға Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бас-көз болып, жанашырлық танытуы талай белестерді бағындыруымызға сеп болды. Мұның бәрі ұлтымыздың өткенін білу арықлы, келешегін қамдауға ұмтылыс болатын. Ондай ұмтылыстар әсіресе білім беру саласында сан рет болды. Арыға бармай-ақ ұлттық негізде білім беру жүйесін жасауға деген алғашқы талпыныстың ХХ ғасырдың бас кезінде болғанына назар аударсақ бабаларымыздың асыл арманы көз алдымызға келе қалады.

Адамзат баласы өркениетке жеткелі бері білім беру ісі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып келгені баршаға аян. Әсіресе ХХ ғасырдың басындағы әлемде болып жатқан үлкен жаңалықтар Қазақстанды да айналып өтпеді. Патша үкіметі білім беруді орыстандыру саясатының мақсатына пайдаланғысы келді. Әрине бұл жол арқылы мақсатын оңай іске асыруға болатынын жақсы түсінді. Халықтың жаппай білімге деген сұранысының артуы мектептердің көптеп ашылуын және жаңаша бағытта білім беру ісінің дамуын талап етті.

Осыған дейін қазақ даласында білім беру мен айналысқан діни ескіше бағыттағы мектептер, жаңа үлгідегі жәдиттік мектептер, орыс-қазақ түземдік мектептері қатар өмір сүрген жағдай қалыптасты.

Ескіше оқытатын мұсылман мектеп медреселері Бастауыш мектептен білім алған балалар оқуларын медреседе жалғастыра алды. Медреселерде ірі Бұқара, Стамбұл, Қазан, Уфа, Қазан, Орынбор, Троцкі, Омбы сияқты ірі қалалардан оқып келген оқытушылар дәріс берді. Шәкірттерге араб тілі, дін, риторика, шығыс әдебиетімен қатар физика, химия, астрономия, ботаника, алгебра, геометрия сияқты пәндер тереңдете оқытылды. [1,54]

Жәдиттік қозғалыстың көш басшыларының бірі Исмаил Гаспринский оқу орындарында діни сабақтармен қатар, жағрафия, математика, тарих, биология сияқты пәндердің аса қажеттігін дәлелдей отырып, ескі қадімшілдіктен жаңа жәдитшілдікке көшуді

ұсынып, «Тәржіман» газеті арқылы осы жолды насихаттады. Ол өз идеясын Ресейдегі түркі халықтарының арасында таратып, жәдидшілдік қозғалыстың жандануына үлкен үлес қосты. Көп уақыт өтпей, Жәдидшілердің бұл пікірлері Түркістан өлкесіне кең тарап, қолдаушылыққа ие болды. [2,215] XX ғасыр басында мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жоспары, бағдарламалары жаңаша әдіспен қайтадан жасалып, жаңа оқу құралдары дайындалды. Оқу мерзімі алты жылға белгіленіп, жаңа оқу бағдарламасы «Алты жылдық ибтидаия бағдарламасы» көрсетілді. [3,39] 1906-1907 жылы медреседе тригонометрия, физика, химия, психология, логика, гигиена және медициналық білім, саяси экономия, сауда ісі және бухгалтерия сияқты пәндер оқытылды. [4, 33-34] Бұл мектептер өз шамаларына қарай білім беру ісін жаңашалауға, халықты сауатты етуге тырысты, бірақ дәл сол кезде заман талабы жаңа бағытта білім алған, қоғамда сұранысқа ие мамандық бітірген жас білікті мамандарға зәру болатын.

Алаш азаматтарыда бұл білім беру мәселесіне жай қарамады. Бар ықыласымен, шын пейілімен білім беру ісіне ат салысты, елдің дамуы тікелей білім беру саласына байланысты екенін жақсы түсінді. Алаш қайраткерлерінің көбі дерлік мұғалім болып қызмет еткенін жақсы білеміз, сонымен қатар баспа сөз арқылы да білім беруді насихаттады. Олар біржағынан мұғалім болса, енді біржағынан ғылыми шығармашылық жұмыстармен айналысты. Ал жергілікті байлар ақша шығарып, медреселер салғызды. Оқу ісіне көңіл болу, оны қолдау үрдісі болғанын 1913-1918 жылдар арасында шығып тұрған «қазақ газеті» арқылы білеміз. Газеттегі тақырыптардың көбі мектеп ашуға, оған қаржылай көмек беруге, білім берудің пайдасын дәріптеуге арналатын. Осы арқылы олар халықты білімге шақыратын білімнің пайдасын айтатын.

Патша үкіметі құлағаннан кейін, енді тәуелсіз ел боламыз деп сенген алаш азаматтары Алаш партиясын және Алаш орда үкіметін құра отырып, өз бағдарламаларында мынадай мәселелерді көтерді. Мемлекеттік басқару жүйесін бекітуде демократияны басшылыққа алу әрқашанда әділдікке жақ болу; Жер мәселесінде жер халықтықы, оны пайдалану баршаға бірдей; Дін мәселесінде діни сенім бостандығына жол беру, дінді мемлекет ісімен араластырмау; Сот ісінің қазақ тілінде және әділетті түрде жүргізілуі; Әскери қызметті өз жерінде атқару; Жиналыс баспасөз еркіндігі; Жұмысшы қызметкерлердің мүдделерін қорғау; Әйел бостандығы мен теңдігі сияқты маңызды мәселелерді басшылыққа ала отырып соның ішінде білім беру ісін маңызды орынға қойды, жаппай халық оқумен қамтылуын, оқу тегін болуын, жаңа үлгідегі бастауыш, орта және жоғары оқу орындарын ашуды және оқу орындары өз бетінше іс жүргізуге құқылы болуын мақсат етті. Төмендегі олардың бағдарламасындағы білім беру ісіне қатысты тармақшаны көрсете кетсек.

«Ғылым-білім үйрету. Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық және ақысыз болады. Жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау мен қойылуы, ел ішінде кітапханалар ашылуы керек.» Бұл мәселені демек олар өте жақсы, толық қарастырған және дұрыс бағдар қоя білген. Біз бүгінде қолға алған істі олар жүз жыл бұрын бастамақшы еді. Өкінішке орай отаршыл билік оларға мүмкіндік бермеді. Бірақ, олар өз мақсаттарына жетпесе де, кеңестік жүйенің қол астында жүрсе де білім беруге деген, халықты ағартуға деген ұмтылыстарын жоғалтпады. Қатал бақылау астында жүрсе де, қолдарынан келгенше аянбай еңбек етті. Оған олар жазған оқулықтар, олар жазған әдістемелік құралдар, ғылыми шығармалар мен ғылыми мақалалар, әдеби көркем шығармалар куә. Олар жазған еңбектердің мәні Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген қазіргі кездің өзінде де көкейкесті мәселе болып отыр. Бүгінгідей жыл сайын емес, ай сайын жаңалық болып жатқан кезде біздің білі-ғылымнан кенже қалуға құқымыз жоқ. Олай істер болсақ ол өзімізді өзіміз орға жыққанмен бірдей болар еді. Біз білім беру ісінде ең әуелі тарихымыздағы ақтандақтарды түгендеуден бастадық, ал, ол Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы арқасында іске асты деп атап өткеніміз жөн шығар.

Соның арқасында бүгінде ұлттық тарихнамамыз дағдарыс пен іркілістен гөрі ізденіс, теориялық-әдістемелік жаңару, қайта өрлеу сынды оң бағытта алға басып келеді. Ең бастысы ешкімге жалтақтамайтын, жаңаша ой түйетін, алыс-жақын шет елдердегі ел тарихына қатысты архив құжаттарымен жұмыс істей алатын, бірнеше тілді меңгерген жаңа буын қалыптасты. Осының арқасында ежелгі дәуірден тартып Астананың ауысуына дейінгі үдерістер жаңаша зерттеліп, бұрын-соңды қолға түспей келген дереккөздер жарияланды. Бұл игі іс алдағы уақытта бұдан да әрі ерекше қарқынмен дами беретіні ақиқат. Ендеше, Отан тарихынан, тарихнамасы мен деректанудан, археологиясы мен этнологиясынан жазылған (жазылатын) еңбектерде басты назарда әсіре мақтангершілік, қарабайырлық дегендерден аулақ болып, барынша тарихи заңдылықтарды сақтай отырып, еңбектенетін уақыт жетті.

Мемлекеттілігі сақтар заманынан бастау алатын қазақ ұлтының төл тарихы ғажайыптар мен қызықтарға толы десек артық айтпаймыз. Оған бүгінге дейін зерттелу үстіндегі сақ қорғандары және тың деректер мен толығып жатқан орта ғасырлар тарихы куә болалады. Тарихты әлі де болса толықтырып жазып келеміз, зерттеулер жүргізілуде осының бәрі де тәуелсіздіктің арқасы әрине. Жүйелі түрде жазылған тарих желісімен бүгінде жас ұрпаққа білім беріп отырмыз. Яғни, әлемдік ғылыми этикаға сай бағыт ұстана отырып, еліміздің тарихын ұлттық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта қарастырып, тарихи нақты дереккөздер ретінде жазатын, зерттейтін уақыт келіп жетті. Себебі, Қазақстан ежелден-ақ осында мемлекет құрған автохтонды тұрғындардың елі болғандықтан тарихнамамыз осы тұрғыдан жазылғаны басқалардың өкпе-ренішін туғызбауы тиіс.

Кез келген елдің даму жөнінен алға шығуында тарихи жалғастық пен ұрпақтар сабақтастығы жатады. Бұл қағида бұзылған жерде ілгерілеу болмайды. Басынан талай қиын-қыстау күндер өткізген қазақ халқының жер бетінен жойылып кете жаздап барып аман қалып, шаңырағын ұстап қалуы оның сол тарихи сабақтастыққа деген адалдығы, ғасырлар бойы үздіксіз түзілген рухани-мәдени байлық, ол – қазақ әйелінің демографиялық тасқынды бәсендетпеген ерлігі. Бұлар қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің іргетасын қалады, қуатын арттырды. Тарих – бәсекеге, сұрапыл сынаққа төтеп бергендердің алатын еншісі.

Ел тарихы жазылғанда есте ұстайтын екі негізгі мәселе бар: оның біріншісі іргесі шайқалмаған елдің өзі жазатын тарихы, екіншісі басқаға кіріптар болған елге сол отарлаушылардың жазып беретін тарихы. Біз осылардың екеуін де басымыздан өткердік. Солардың ішіндегі ең ауыры Кеңестік кезең болды. Біздің ұлттық санамыз түбірінен болмаса да едәуір өзгеріске ұшырап, өз ұлтынан жерінген ұрпақ өсіп шықты. Ал, ондай ұрпақтың өзгелер жазған тарихқа бүйрегі бұрылып тұрады.

Бүгінгі күнде тарих ғылымына деген сұраныс бұрын-соңды болмаған қажеттілікке көтерілді. Себебі, КСРО-ң кезінде тарихқа деген қиянат бір ғана мемлекеттің күштеуімен жүзеге асып келсе, ендігі таңда жаһандану деген үдеріс кесірінен әлденеше алпауыт мемлекеттердің мүддесі тоғысқаны белгілі. Әрине, жаһандану деген сөз сенің еліңді басқалар жаулап алады деген ұғым тудырмайды. Алайда, ұлттық құндылықтар, сол арқылы ұлттық ерекшеліктер бұрын-соңды болмаған деградацияға ұшырауы әбден мүмкін. Одан бізді тек тарихи танымымыз ғана құтқарып қала алады. Алайда, тарихты безбендеудің жөні осы екен деп бос сөз бен көбік мақтанға салынуға да бомлайды. Себебі, нақты сарапталған тарих – бекем қауіпсіздіміз бен жарқын болашағымыздың кепілі.

Ең әуелі еліміздің ежелгі тарихын оқытқан кезде оны этнография, фольклор және салт-дәстүріміз бен байланыстыра отырып қарастырғанымыз жөн. Сонымен қатар Қазақ тарихын да әлем елдерінен оқшаулап алмай, керісінше оның құрамдас бөлігі ретінде оқыта отырып, өзіндік ерекшеліктерін талдап, түсіндіре білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Жоғарыда айтып өткен «Мәдени мұра» жобасының нәтижесінде қаншама дерек көздер ғылыми айналымға қосылып, қаншама археологиялық материалдар табылды, қаншама еңбектер жарық көрді. Ендігі кезекте солардың бәрін сараптап, зерделей отырып, қазақстандық мүдде негізінде жаңаша тарих ғылымын қалыптастырып, сол арқылы қазақстандық патриотизм мен менталитетті қалыптастыруымыз қажет.

Сонымен қатар, бүгіндері ғаламторға байланған жастар, әсіресе жоғарғы сынып оқушылары, тіпті университет студенттерінің өзі сала-құлаш мәтінмен берілген оқулықтарды оқымайды, оқығанның өзінде одан түк те түсінбейді. Сондықтан да оқулықтарды мүмкіндігінше оқушылардың (тіпті студенттердің) қабылдауына лайықты, түсінікті етіп жазып қана қоймай, оларды барынша түрлі суреттермен, иллюстрациямен, карталармен, кестелермен, фотолармен көркемдеген жөн болар еді.

Дерек көздері барынша бай, әрі ұғынықты тілмен, өрелі жазылған еңбек арқылы біз оқушылардың тарихи санасын қалыптастыра отырып, қазақстандық патриотизмнің негізін берік ете аламыз және ұлтымыздың тарихын ұлықтай білеміз. Сол арқылы ғана біз ұрпақ санасына өткен тарихымыздың сүйінішті де күйінішті тұстарын берік орнатып қана қоймай, оларды тарихын безбендеуге, өткенін түгендеуге сол арқылы азаматтық позициясын қалыптастыруға ықпал етеміз. Өткенін білмеу, тегін білмеу. Тегін білмеген адам құл. Ал, құлдан ешқашан да өрелі азамат шықпайды.

Әдебиеттер:

1. Миропиев М.А. О положении русских инородцев. –СПб., 1901.
2. Бущик А.П. Очерк развития школьного исторического образования СССР. М.,1961.
3. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. А., 1950.
4. Рахимкулов М.Ф. Медресе “Хусаиния” в Оренбурге. Оренбург, 1975.

Өтініш

Авторлар:

Зікірия Досым Қуатұлы
Жұмаділ Гүлзия
Толембаева Айман Жақсылыққызы

Мекен жайы:

Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы, Есік қаласы

Оқу орны:

ЖШС «Есік медициналық колледжі»

Баяндама тақырыбы:

**«ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БАСТАУЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕ
ЖАТЫР»**

Байланыс мәліметтері: 87076578711,
Zhgulziya11@mail.ru